

ISSN 2616-678X

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

---

**ВЕСТНИК**

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

**BULLETIN**

of the L.N. Gumilyov  
Eurasian National University

**ФИЛОЛОГИЯ** сериясы

Серия **ФИЛОЛОГИЯ**

**PHILOLOGY** Series

**№1 (122) / 2018**

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2018

Astana, 2018

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**  
*филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)*

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**  
*филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)*

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	ф.ғ.д. проф. (Румыния)
Бейсенбаева Жанаргүл	ф.ғ.к., қауымд. проф. (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассос. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	ф.ғ.д. проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	ф.ғ.к., қауымд. проф. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сатпаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31413)

E-mail: vest\_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген І.Р. Құрманғалиев

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы**

Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 40 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 12/1, тел.: (7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**  
*доктор филологических наук, проф. (Казахстан)*

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**  
*доктор филологических наук, проф. (Казахстан)*

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Эзербайжан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсенбаева Жанаргуль	к.ф.н., ассос. проф. (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассос. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., ассос. проф. (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408  
Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31413)  
E-mail: vest\_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка И.Р. Курмангалиев

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ**  
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК  
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.  
Периодичность: 4 раза в год  
Тираж: 40 экземпляров  
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31413)

Editor-in-Chief **Dihan Kamzabekuly**  
*Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)*

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**  
*Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)*

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof (Russia)
Beisenbayeva Zhanargul	Can. of philology, assos. Prof (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantaj	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008  
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31413)  
E-mail: vest\_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: I.R. Kurmangalyev

**Bulletin of the L.N.Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series**

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan  
Registered by Ministry of information and communication of Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 40 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31413)

© L.N.Gumilyov Eurasian National University

## Мазмұны

<i>Абдыханова Б.А., Нергиз Бирай</i> Интертекстуалдылық теориясы мен прецедентті құбылыс арасындағы байланыс .....	8
<i>Аймолдина Ә.А.</i> Искерлік дискурс зерттеудің әлеуметтік және когнитивтік аспектіліктерінің қатынастары .....	14
<i>Алефиренко Н.Ф., Нұртазина М.Б.</i> Тіл ғылымындағы қазіргі заманғы үрдістер: ғылыми зерттеулердің векторлары .....	20
<i>Гауриева Г.М., Кадырова Е.Б.</i> Лексикалық құзыреттілікті қалыптастыруда ағылшын тілі сабағында ой-талқыларды қолдану .....	32
<i>Жапанова М.Е.</i> Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Қан мен тер» романындағы иіс-жады ұстанымдарының көркемдік ерекшелігі .....	37
<i>Жұмсақбаев А.Т.</i> Джон Толкиеннің «Сақиналардың патшасы» трилогиясының жанрлық құбылысы .....	46
<i>Жұматаев Е.</i> Әдеби тіл мен әлеуметтік желі: тіл бәсекелестігі мен әдеби тілдің қазіргі сипаты .....	50
<i>Зилинька М.Н.</i> Шыңғыс Айтматовтың шығармаларындағы фразеологизмдерді аударудың ерекшеліктері .....	58
<i>Қадысқызы А., Хасенова Р.Т., Құлахметова Ж.Т.</i> Қазақстандағы оралмандар және олардың әлеуметтік-мәдени бейімделуі .....	64
<i>Қасымова Ә.Ә.</i> Қазақ және түрік тілдеріндегі қоштасу этикетіне қатысты қалып сөздердің лингво-мәдени сипаты .....	71
<i>Латанова Р.У., Заркешеева А.Е., Хамитова А.Ф.</i> Қазақстандық жоғары оқу орындары студенттеріне ағылшын тілін үйретуде Action Research әдісін енгізу жолы .....	76
<i>Мейрамбекова Л.К., Сейтова Ш.Б., Есенғалиева А.М.</i> Бір буынды түбір етістіктің «қыпшақтық» корпусындағы вокализм жүйесінде салыстырмалы сипаттамасы ..	81
<i>Матбек Н.Қ., Садықова Р.К.</i> Ноғай әдеби тілінің қалыптасуы .....	88
<i>Мырзағалиева Т.Е., Шәріпова Г.А.</i> Құран поэтологиясындағы орыс универсумы ..	95
<i>Нұртазина М.Б., Амрина З.Ж.</i> Білім берудегі «Polycultural World» жүйесін қамтамасыз етуге арналған кәсіби лингвистика .....	105
<i>Оразбаева Э.С.</i> Онкологиялық терминдерді талдау және аудару .....	112
<i>Өтелбай Г. Т.</i> «Кемпіркосақ» баламасының туыс және шет тілдердегі ұқсастығы мен ерекшелігі .....	119
<i>Садықова А. Т., Қабдырашева Б. Н.</i> І. Есенберлин шығармаларындағы тарихи тұлғалар бейнесі .....	125
<i>Сейтова Ш.Б.</i> Кейбір этноатаулардың ақпараттық уәжі (Шығыс Қазақстан аймағы материалдары негізінде) .....	132
<i>Сәдуақасұлы Ж., Махамбетова А.</i> Қазақ тіл білімінде лепті сөйлемдердің зерттелу жайы .....	138
<i>Симбаева С.О., Қайыпбаева М. М.</i> Тілді аудармасыз оқыту және тілдің фонетикалық интерпритациясы .....	143
<i>Шәріпова Г.А.</i> Исламдық мәдени универсиумы .....	147
<i>Шәріп А.Ж.</i> Хүсейін Жавид және XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясы: рухани ізденістер мен көркемдік ерекшеліктер .....	151
<i>Шоқабаетова С.С.</i> Сөзжасамның фонетикамен байланысы туралы .....	162

## Содержание

<i>Абдыханова Б.А., Нергиз Бирай</i> Взаимосвязь прецедентных текстов и интертекстуальности .....	8
<i>Аймолдина А.А.</i> Взаимосвязь социальных и когнитивных аспектов изучения делового дискурса .....	14
<i>Алефиренко Н.Ф., Нуртазина М.Б.</i> Современные тенденции в науке о языке: векторы научного поиска .....	20
<i>Гауриева Г.М., Кадырова Е.Б.</i> Использование мозгового штурма для формирования лексической компетентности на уроках английского языка .....	32
<i>Жапанова М.Е.</i> Художественные особенности памяти запаха в романе Абдижамиля Нурпеисова «Кровь и пот» .....	37
<i>Жумсакбаев А.Т.</i> Жанровая феноменальность трилогии Джона Толкиена «Властелин колец» .....	46
<i>Жуматаев Е.</i> Литературный язык и социальные сети: конкурентоспособность и современность казахского языка .....	50
<i>Зилинька М.Н.</i> Особенности перевода фразеологизмов в произведениях Чингиза Айтматова .....	58
<i>Кадыскызы А., Хасенова Р.Т., Кулахметова Ж.Т.</i> Оралманы в Казахстане и их социально-культурная адаптация .....	64
<i>Касымова А.А.</i> Лингво-культурологический анализ лингвистических единиц, связанных с этикой прощания казахского и турецкого языков .....	71
<i>Латанова Р.У., Заркешева А., Хамитова А.Г.</i> Пути внедрения Action Research в обучении английскому языку студентов высших учебных заведений в Казахстане.....	76
<i>Мейрамбекова Л.К., Сейтова Ш.Б., Есенгалиева А.М.</i> Сравнительно-сопоставительная характеристика односложных глаголов в системе вокализма языков кипчакской группы .....	81
<i>Матбек Н.К., Садыкова Р.К.</i> Формирование ногайского литературного языка.....	88
<i>Мурзагалиева Т.Е., Шарипова Г.А.</i> Русский универсум коранической поэтологии.....	95
<i>Нуртазина М.Б., Амрина З.Ж.</i> Polycultural World: Компетентный подход в профессиональной лингвистике для образования .....	105
<i>Оразбаева Э.С.</i> Анализ и перевод онкологических терминов .....	112
<i>Отелбай Г. Т.</i> Аналогия и особенность эквивалента «Кемпірқосак» у родственных и иностранных языков .....	119
<i>Садыкова А.Т., Кабдырашева Б.Н.</i> Образ исторических личностей в творчестве И.Есенберлина .....	125
<i>Сейтова Ш.Б.</i> Информационное содержание некоторых этнонаименований .....	132
<i>Садуакасулы Ж., Махамбетова А.</i> Обстоятельства исследования восклицательных предложений казахского языка .....	138
<i>Симбаева С., Кайытбаева М.М.</i> Обучение языка без перевода и фонетическая интерпретация языка .....	143
<i>Шарипова Г.А.</i> Исламский универсум культуры .....	147
<i>Шарип А.Ж.</i> Гусейн Джавид и казахская поэзия начала XX века: духовные искания и художественные особенности .....	151
<i>Шокабаева С.С.</i> О связи словообразования с фонетикой .....	162

## Contents

<b><i>Abdyhanova B.A., Nergiz Biraj</i></b> Interrelation of precedent texts and intertextuality .....	8
<b><i>Aimoldina A.A.</i></b> Interconnection of Social and Cognitive Aspects in Business Discourse Studying .....	14
<b><i>Alefrenko N.F., Nurtazina M.B.</i></b> Modern trends in the science of language: vectors of scientific research .....	20
<b><i>Gauriyeva G.M., Kadyrova Ye.B.</i></b> Use of brainstorming for the formation of lexical competence in English class .....	32
<b><i>Japanova M.E.</i></b> Artistic features of the memory of the smell in the novel «Blood and Sweat» by Abdizhamil Nurpeisov .....	37
<b><i>Zhumsakbayev A.T.</i></b> Genre's phenomenon of John Tolkien's trilogy «The Lord of the Rings» .....	46
<b><i>Zhumataev E.</i></b> Analysis of the translation into the Kazakh language interjections in the piece .....	50
<b><i>Zilinka M.N.</i></b> The peculiarities of phraseological units translation in book's of Chingiz Aitmatov .....	58
<b><i>Kadyskyzy A., Khasseanova R. T., Kulakhmetova Zh.T.</i></b> Oralisms in Kazakhstan and their Socio-Cultural Adaptation .....	64
<b><i>Kasymova A.A.</i></b> Linguistic and Cultural Analysis of Linguistic Units Associated with Ethics of Farewell to Kazakh and Turkish Languages .....	71
<b><i>Latanova R.U., Zarkesheva A.E., Khamitova A.G.</i></b> The ways of planning action research in teaching english for students in higher schools of Kazakhstan .....	76
<b><i>Meirambekova L.K., Seiitova Sh. B., Esengaliyeva A.M.</i></b> Comparative characteristic of monosyllabic verbs in the vocalism system of the languages of the Kipchak group .....	81
<b><i>Matbek N.K., Sadykova R.K.</i></b> Formation of Nogai literary language .....	88
<b><i>Murzagaliyeva T.E. , Sharipova G.A.</i></b> Russian Universum of Quranic Poetology.....	95
<b><i>Nurtazina M.B., Amrina Z.Zh.</i></b> Polycultural World: a competent approach in professional Linguistic for education .....	105
<b><i>Orazbayeva E.S.</i></b> Analysis and translation of cancer terms .....	112
<b><i>Otelbay G. T.</i></b> The analogy and peculiarity of the «Кемпірқосақ» alternative in relatives and foreign languages .....	119
<b><i>Sadykova A.T., Kabdyrasheva B.N.</i></b> The image of historical personalities in the creative work of I.Esenberlin .....	125
<b><i>Seiitova Sh. B.</i></b> Informational motives of some ethnonyms .....	132
<b><i>Saduakasuly Zh., Makhambetova A.</i></b> The study of exclamatory sentences of the kazakh language .....	138
<b><i>Simbaeva S.O. Kaiypbayeva M. M.</i></b> Phonetic interpretation of the language without translation .....	143
<b><i>Sharipova G.A.</i></b> Islamic Universum of Culture .....	147
<b><i>Sharip A.Zh.</i></b> Hussain Jawid and Kazakh poetry of early 20th century: spiritual quest and artistic features .....	151
<b><i>Shokabayeva S.</i></b> Connection of word-formation with phones .....	162

FTAMP 16.21.51

**Ш.Б.Сейітова**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей, Қазақстан  
(E-mail: seitovashinar@mail.ru)*

**Кейбір этноатаулардың ақпараттық уәжі**  
*(Шығыс Қазақстан аймағы материалдары негізінде)*

**Андатпа.** Халық рухының өмірлік мәні оның тілінде сақталған. Сондықтан кез келген мағыналық – бірлік ру-тайпа өмірінің мәнді бір бөлшегі. Қазақ халқының өзіндік сөйлеу өнері қалыптасқан. Шешендік өнерді, оны иеленуші адамды ерекше құрмет тұтқан. Сол себепті шешен де шебер сөйлеудің қыр-сырын жетік білген қазақ халқының ұлттық сөйлеу ерекшеліктерін төмендегідей бөліп көрсетуге болады. Халық рухының өмірлік мәні оның тілінде сақталған. Сондықтан кез келген мағыналық – бірлік ру-тайпа өмірінің мәнді бір бөлшегі. Қазақ халқының өзіндік сөйлеу өнері қалыптасқан. Шешендік өнерді, оны иеленуші адамды ерекше құрмет тұтқан.

Кез келген ұлт тағдырында рухани өмір мен тіл үшін басты нәрсе – экономикалық қауымдастық ерекшелігі болып табылады. Оның ықпалы мен әсері айрықша. Экономикалық қауымдастықтың томаға-тұйықтығы сол белгілі бір аймақта тілдік ерекшеліктердің пайда болуына, тайпалар, рулар көлемінде сол тілдік ерекшеліктердің сақталуына жағдай тудырады.

**Түйін сөздер:** этноним, тұрақты тіркес, уәжі, ұлттық құндылық.

**Кіріспе.** Шығыс Қазақстан аймағындағы ру-тайпа атауларынан қалыптасқан тұрақты тіркестердің мағыналық, концептуалдық ерекшеліктерін қарастыра отырып, олардың бойында жинақталған ақпарат мына мәнділіктерді көрсеткенін байқадық. Ру-тайпа одағы қоғамдық құқықтық қатынастар институты, ол құқықтық қатынастарды реттейді, ол қоғам мүшелерінің (жүз, тайпа, ру, тап, тармақ т.б.) әлеуметтік қатынастарына қызмет етеді, ол ру-тайпа мүшелерінің мәдени қатынасына қызмет етеді; ол жалпы адамзаттың ұлттық құндылықтары негізінде тәрбие ісіне қызмет етеді; ол санаға, қоғамдық санаға сөз арқылы әсер етуге қызмет етеді. Сонда ру-тайпа: → құқықтық мәдениет → әлеуметтік этика → тәрбие → ұлттық құндылық → қоғамдық стереотип → ұлтық менталитет ретінде қарастыруға болатынын көреміз.

**Мақсаты.** Шығыс Қазақстан аймағындағы ру-тайпа атауларынан қалыптасқан тұрақты тіркестердің мағыналық, концептуалдық ерекшеліктерін қарастыра отырып, олардың бойында жинақталған ақпаратты айқындау. Нақты тілдік деректермен дәйектеу. Нәтижелері мен талқылау. Әлеуметтік этика адамның өз ақыл-ойына сәйкес қоршаған дүниені танып-білуге, бағалауға мүмкіндік береді. Б.Сағындықұлы атап көрсеткендей: «Кез келген затты немесе құбылысты қабылдау адамда бұрыннан бар тәжірибе, білім негізінде жүзеге асады» [1, 101 б.]. Мәселен, белгілі бір кезеңде өмір сүрген ру-тайпа немесе оның мүшелерінің қандай өзіндік қасиеттері болғанын бүгінге жеткен мақал-мәтел, тұрақты тіркестердің нәзік иірімін сезу арқылы, адам санасына тұтастай сол мәліметтің жетуі арқылы білеміз. Ұлттық болмыс тұрғысынан алып қарағанда, әлеуметтік этиканың қалыптасуында адамның өткендегі тәжірибесі маңызды орын алады. Мысалы, қазақы ұғымда қуанышты жағдайды қабылдаудың өз ерекшелігі бар. Құнанбайдың немере інісі Ақбердіге Құнабайдың «Бетқұдықты Ақбердіге берсін!», – деген сәлемін әкелген Абайға Құлыншақ ақын: «Ақберді, Ақберді, Ақбердіге Құдай бақ берді», – деп тақпақтай бергенде, Бала Абай іле жөнеліп: «Бақ берген емей немене, Борсақтан қалған аз жерді «Менікі» деп тап берді» деген екен. Ақберді, Ақберді, Ақбердіге Құдай бақ берді мағыналық бірлігі осы бір қуанышты оқиғадан кейін ел аузында қалса керек. Ұлттық қабылдау, ұлттық түсінікте бақты берейін десе, бір-ақ сәтте бере салар деген қағида қалыптасқан, сонымен қатар есте қаларлық жағдайда өлең сөзбен термелей жөнелу бұл да қазақы топырақтан өніп шыққан бір белгі [2, 147 б.]. Ұлттық менталитет. Қазақ халқы салт-дәстүрін, әдет-ғұрпынан бой тартпаған



халық. Көптеген күрмеуі қиын мәселе дала дәстүрі негізінде шешіліп отырған. Мысалы, өліп кетті Өтекең, майға толды Көтекең тұрақты тіркесінен жол-жоралғы негізіндегі даулы мәселенің оңтайлы шешімін тапқанын көреміз. Айдабол балаларының арғы атасының аты Көтібақ болса керек. Ауыл ішіндегі істің аяғы насырға шауып (Абыралы жерінде), кісіге жазығы жоқ, көпшіл де діншіл жан Өтебай қазаға ұшырайды. Екі ауыл да бір Үсеннің балаларынан. Елдің тыныштығын, азаматтардың амандығын қалайық дей отырып, сол елдің болысы, Ноха қажы 2000 теңгедей ақшалай құн кескен екен. Жоғарыдағы сөзді Өтебайдың құрдасы Күлшім деген айтып, елге таралып кетіпті. Ағайын арасына жік түспеуін көздеген шешім қалыптасқан дәстүр негізінде оң шешімін тапқан [3, 110 б.].

### **Қоғамдық стереотип.**

Халық рухының өмірлік мәні оның тілінде сақталған. Сондықтан кез келген мағыналық – бірлік ру-тайпа өмірінің мәнді бір бөлшегі. Қазақ халқының өзіндік сөйлеу өнері қалыптасқан. Шешендік өнерді, оны иеленуші адамды ерекше құрмет тұтқан. Сол себепті шешен де шебер сөйлеудің қыр-сырын жетік білген қазақ халқының ұлттық сөйлеу ерекшеліктерін төмендегідей бөліп көрсетуге болады: біріншіден, қазақ үйіне келген адамды бірден әңгімеге тартпаған, алдымен сый-құрметін көрсетіп, ыңғайы келді-ау дегенде, қалыптасқан жөн-жоба негізінде көңіл-қошын білдірген. Екіншіден, әңгімелесу ахуалында айтылған сөздің астарлы мағынасына көз жеткізіп барып қана, өз ойын айтқан. Қазақ көп жағдайда қойылған сұраққа бірден жауап қайтармаған. Егер сынау мақсатында немесе шұғыл жауап беруді қажет ететін төтенше жағдай болса, табан астында, бірден ұтымды да санамалы, тілге тиек ететін дерекпен қолма-қол жауап қайтарған, орайына қарай, суырып салып, өлеңмен де жауап қайтара білген. Әрбір айтылған сөзді талдап, пайымдап барып жауап қайтаратын болған. Үшіншіден, тілдесудің ойдағыдай өтуінің этикалық шарты бар. Сөйлеушіге оң пейіл білдіру, тілдесуге ықыласты екенінді көрсету, оның сөзін түсіністікпен ден қоя тыңдау т.б. сондай-ақ әңгімеге, сөзге құлақ түріп, назар аударудың вербалды белгісі – қоштау, таныту арқылы жүзеге асады. Қазақ амандасудан бастап қоштасуға дейін тиісті қалыптанған жазылмаған ережені сақтайды. Қазаққа кендік, есептеспеушілік, «бір Алла біледі» деушілік, қанағат, тәубеге келушілік қасиеттері тән. Бұл да бір ұлттық ерекшелік. Сонымен, адамды, оның жан дүниесін тілінен тыс зерттеуге болмайды. Сондай-ақ, тілді де адам арқылы, адамның жан дүниесі арқылы зерттемей болмайды. Тілдің субъектісі, біріншіден, тілдік тұлға (жеке адам, тілді тұтынушы), екіншіден, халық, ұлт (тілдік ұжым). Бүгінгі тілдік ұжым кешегі ру-тайпадан қалыптасқандығы айқын. Сондықтан да аймақтық дәрежедегі ру-тайпаның қолданысындағы тұрақты тіркестерді белгілі бір аспектіде қарастыру – ол халықтың тұтастығын көрсететін мәнді бірліктер.

**Тәрбие.** Жинақталған материалды саралай отырып, бір қырынан, яғни тәрбиелік құндылығы тұрғысынан алғанда байқағанымыз, әртүрлі жағдаятқа байланысты, біліп-білмей жасалған кемшін тұстарды алдағы уақытта сабақ болсын деген мақсатта қолданылатын мәнділіктердің бар екеніне көз жеткізуге болады. Мысалы, Айбикенің ауылына қонғанша, Нұрбикенің көшіп кеткен жұртына қон (Арғын – Мейрам – Өтей). Қолы ашық, дастарқаны мол, берекелі бәйбіше өз аймағында беделді адамның біріне саналатын. Берілген тұрақты тіркес өз ортасындағы еңбегіне қарай салыстырмалы түрде айтылған, яғни бірінің екіншісіне қарағанда, адамға деген құрметі басым дегенге саяды [4, 121 б.]. Он жеті ұлды Бертіс. Қарқаралы хан Бертіс (арғын – қаракесек). 17 ұл ат арқасына мініп, соңынан ерген соң, жалғанның жарты пәлесі болған басына құстың қауырсынын қадап алып, қарқаралы хан Бертіс атанған. Ташкентті барып шапқан, талаған. Мұны Бұхар ханы естіп, соғысуға келген. Сонда Бертістің Бұхар ханына айтқаны: «Он жеті ұлым бар, сен түгіл Құдайдың да өкпесі қабынып, алса да зорға алар», – депті. Бұхар ханы: «Құдайдан қорықпағаннан қорық», – деген деп, қайтып кетіпті. Бертіс үйіне келіп түскен соң, ұлдарына іш ауруы жабысып, үш күнде түгелі өліп кетіпті. Ауыс: асылық сөйлегеннің тартар азабы шексіз [5, 30 б.].

**Ұлттық құндылық.** Жинақталған тұрақты тіркестер мәнді-мәнсіз, баянды-баянсыз, жағымды-жағымсыз болса да ұлт тілінде туып, қалыптасып, тұрақты тіркес дәрежесіне енгеннен кейін ұлттық құндылық қатарынан орын алары сөзсіз. Себебі, кез келген бір сөз сол ұлт қажеттілігін өтемесе, лексикалық қордан, қабаттан шығып қалары аян.

**Құқықтық мәдениет.** Дәстүрлі қоғам бар жерде құқықтық қоғам бар (М.Қойгелдиев). Әрбір ұлт мәдениеті өз бастауын сол ұлттың этникалық іргетасы болып қаланған ру-тайпа болмысының қалыптасу қайнарларынан алатыны сөзсіз. Зерттеу барысында қарастырылып отырған тұрақты тіркестерді жиынтық бейнеде алсақ, шеңбер тәрізді елестетуге болатындығын, оның ортасында өзегі – негізгі ұғым – ру-тайпаға қатысты тұрақты тіркестер орналасса, оның қоршауында мәдениет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр мен халықтық және жеке тәжірибе әсерінен қалыптасқан дүниеліктердің барлығы орналасатындығын көруге болады. Сонымен, егер тілдік бірлікте мәдени ақпарат болса, онда екі әртүрлі семиотикалық жүйелерді (тіл және мәдениет) біріктіріп, олардың өзара байланысын сипаттайтын категорияның да болуы тиіс. В.Н.Телияның пікірінше бұл – мәдени коннотация.

Тілдің ұлттық мәдениетпен байланысының түрі жайлы мәселеде зерттеушілер арасында бірізділік жоқ. Бірқатар зерттеушілер ұлттық-мәдени компонент түрінде, Ю.А. Сорокин негізгі білім түрінде және т.б. зерттеген. Негізінен, В.Н.Телияның пікірі дұрысырақ болар, себебі ол байланыс мәдени коннотация арқылы жүзеге асады деген. Ондай мәдени коннотация тұрақты тіркестің, тілдік бірліктің ассоциативті-образды интерпретация нәтижесінде немесе метафоралардың ұлттық-мәдени эталон, стереотиптердің қатынастылығынан туындамақ. Мәдени коннотация мазмұнын компоненттерді символикалық оқу арқылы да анықтауға болады. Мысалы, тұрақты тіркестерде ұран мағынасындағы «Ақжол», «Қаптағай» сөзін аруақтану, бойға ерен күш жинау, қуат көзінің символы ретінде: «Ақжолдаса», арғын қалмайды, екеуі бірігіп, «Сарманайлап» түйілсе, басқалардың сау тамтығы да қалмайды; бүкіл әскер он мың болса, он мың, жүз мың болса, жүз мың бәрі ұрандап, мыңдаған ат тұяғының дүбіріне жүздеген әскерилердің дауысы қосылғанда, күн күркірегендей, алапат дауыл тұрғандай ұрыс даласының символы ретінде: «Ақжолдаған» арғындар, «Бақтиярлаған» үйсіндер; бір тудың астына біріктіретін, бір сөздің аясына шоғырландыратын, туысқандықтың белгісі, жинақтағыш күш символы ретінде: Байғара – сыбанның ұраны; ұран иесі – Боранбай және т.б. екінші деңгейлік сезім призмасынан көрінетін әлем символдық мән иеленген тұрақты тіркестермен бейнеленіп, ұлттық тілдік әлем картинасының ерекшелігін анықтайтын басты фактор ретінде жүреді. Адам сезімінің жанжақтылығын бағалаудың генетикалық механизмі ұлтқа тән қабілет, әлемдік тілдік картинаны әрі жалпы типологиялық, әрі индивидуальді ерекше етіп көрсетуге бейім.

Фразеологиялық бірліктерді образды қабылдаудың жоғарыда көрсетілген стереотиптерге, символдық ұғымға қатыстылығының негізінде ұлттар менталитетін тану арқылы біз олардың мәдени-ұлттық мәнін, қасиетін жете түсіне түспекпіз.

Тұрақты тіркестер мен мағыналық бірліктер мазмұны және онда ұялаған мәдени коннотациялар білім көзіне айналады. Неге фразеологиялық бірліктер тілдегі тұрақсыздығына қарамастан ғасырлар бойы сақталады? Неге олар әр кезең сайын түрлене түседі? Өйткені фразеологиялық бірліктерде ұлттардың рухы мен салт-дәстүрі сипатталған мәдени ақпарат бар. Әдетте, коннотативті сөзде денотаттың жекелеген белгілері бөлінген. Мәселен, берілген тақырыптағы ру-тайпа атауларының ішінде «малтүгел» сөзі оның найман ішіндегі аңқау ел екенін ғана білдіріп қоймайды, сонымен қатар, аңғырт, сенгіш, момын, бопау, бірақ ішкі есебі түгел адамды да елестетеді.

Кез келген ру-тайпаға қатысты тіркестер сол рудың адамдарының белгілі бір есте қалатын іс-әрекеттерін көру, есту, жадыда сақтау арқылы ел ішінде кең таралған. Мәселен, ел ішінде «тұз еккен Малтүгел» деген тіркес кеңінен тараған. Оның мағынасы – Малтүгел деген рудың адамдарының сондай аңқау, алаңғасар, сенгіш мінездеріне байланысты шықса,

бүгінде сол аймақтың кез келген аңқау, сенгіш адамына немесе бітуге айналған істің басын бапан, аяғын сапан, шала ұмыт қылған іс иесіне қаратыла әрі қалжың әрі зіл ретінде «Мал-түгелмісің» деп қолданыла береді.

Сөз мағынасына ассоциативті белгілердің телінуі, коннотацияның пайда болуы – мәдени-ұлттық үрдіс, ол ақыл қисынына бағынбайды (неге? Мысалы, садыр табынан шыққан адам аңқау емес, малтүгел табынан шыққан адам аңқау, себебі: садыр табынан шыққан адамдарға, көбінесе, қу деген сөз телінеді), сол себептен әр халықта аңқаулық эталоны ретінде басқа да рулар табынан шыққан адамдарды алуға болады.

Жалпы коннотациялар сөзден шығатын ассоциацияларға негізделеді, әйтсе де, олар кей кезде шынайылыққа сүйенеді: садыр – қулықтың (сайтан қу ма, садыр қу ма?), матақ (керей) – тентектіктің (матақ, жүрген жерің шатақ), Белгібай (найман) – жомарттықтың (Береген Белгібай), тобықты (арғын) – сөзге шешен, іске алғыр, ұйымшыл (сөз маржаны тобықтыдан табылады, бөз арзаны Бұқардан табылады, толғағы бір тобықтының баласы).

Көбінесе, коннотациялар бағалаушы рөлінде келіп, сонымен қатар әлем картинасын құрайтын тілдің ұлттық ерекшелігін анық байқатады. Мысалы, алғашында наймандардың әлемді қабылдау картинасында найманның қызына шыдағанға тозақ жұмақтай көрінеді; найманның қызын алған, жұмаққа барады тіркестері жағымды мағына берсе, арғындарда ажалыңнан бұрын өлгің келсе, не екі аяқты мотоцикл ал, не арғыннан қатын ал – жағымсыз баға алған; ал найман тайпасының ішіндегі қызай табының қыздары жайлы тек жағымды ғана баға берілген: арғыннан ән таңда, қызайдан қыз таңда. Коннотациялар әлемді бағалау формасы арқылы көрінеді. Коннотацияларда тілдің номинативті жүйесінің потенциалды шикізаты түзіледі, себебі коннотативті сөз жаңа мағына жасау қабілеті ғана емес, сонымен бірге сөз семантикасындағы күрделі қатынастардың терең мағынасын сақтау әрі ұлттық мәдени тілдік картинаны жасау мүмкіндігі тағы бар.

XIX ғасыр ғұламалары (В. Гумбольдт, А.А. Потебня) тілді рухани күш қалпында түсінген: «Тіл – бізді қоршаған орта, біздің ол ортасыз, оның қатысынсыз өмір сүруіміз мүмкін емес». В. Гумбольдтің пікірінше, «Тіл – сыртқы жағдайлар әлемі мен адамның ішкі әлемінің арасында жатқан әлем» [6, 56 б.]. Бұдан шығатын түсінік – тілдің бізден тыс өмір сүруі мүмкін емес, ол біздің ақыл-ойымызда, жадымызда мәңгілік сақталады.

Табиғи тілдің тілдік бірліктері мәдениет тілінде қосымша мәдени семантикаға ие болады. Мысалы, арғын, найман, керей, уақ, қоңырат, қыпшақ тайпаларының арасында «би» сөзі шешендіктің семантикасын ғана емес, сонымен қатар ақыл-ойдың, интеллектінің символы ретінде айтылады. Бұл мәдени семантика магиялық және мифологиялық ойлау нәтижесінде тумақ. Мәселен, би сөзінің мағынасын мифологиялық тұрғыдан сипаттауына мына тұрақты тіркестер мысал бола алады: құт қонған Шаянбай; Дүтім кетсе, көкшенің құты кетер; Шоң би сөйлегенде қара арғымақты су түбіне батырады, Қазанғап сөйлегенде ол арғымақты судың бетіне шығарады және т.б. Осы берілген тұрақты тіркестердің қай-қайсысын алмасақ та белгілі бір деңгейде аңызға қатысы бары көрінеді. Мысалы, жоғарыдағы көрсетілген мысалдардың ішіндегі құт қонған Шаянбай мағыналық бірлігінен қазақы танымдағы кие қону, құт дару жөніндегі кез келген шаңырақта аса бір ыждағаттылықпен түсінікке қонымсыз сиқыр күштің тылсым сырын бойына дарыта білген ерекше жандар жайлы айтылатын аңыздың сұлбасын көреміз.

Толығырақ тоқталсақ, ел ішінің әңгімесіне жетік көкірек көзі ояу тұлғалардың баяндауы бойынша, бүгінгі күнге дейін жеткен маржан сөздің ерен жүйрігі, қара қылды қақ жарып, әділ кесімін айта білген, найман ішіндегі байжігіт руы тоғас тармағынан шыққан Сасан би төңірегін торлаған аңыз еді. Соның бірі: құн даулай келген қалмақ басшысының Сасан биді көргенде сасып, мен енді құн дауламаймын, тек бір тілегімді бер деуі, ал оның тілегі – билік айтқанда екі босағада жатып, ешкімді жолатпайтын иесі екі аб жыланды Сасан бидің иесі саналатын екі көк қасқырының Еміл өзенін құлдилатып қуып тастауы, яғни

сол иесін қайтартып беруі; екіншісі: ертеректе барымта кезінде мұрын елінің азаматы тоғас ішінде қабылан руының азаматтарының қолынан мерт болып, құн дауланады. Билік айту Сасан биге жүктеледі. Сол маңдағы Шаянбай ауылында бас қосқан жиында қабылан жағы заман заңының тоқтасар келесі ел алдында күмәнға шығып, жан береміз деседі. Ақыры құн даулап келген Мұрын жағы нанып, бұл істен Қабылан жағы таза екен деген қорытындыға келеді. Сөйтіп, құн кесілмейді.

Ең ауыр жаза ер құнын кесерде өзіне ғана көрінетін Сасан бидің рухы, «екі көк бөрісі» осы жолы өзіне ермей, жиын болған Шаянбай үйінің төсегіне шығып жатып алады. Сыртқа шығып шақырса да келмейді. Сонда ғана істің оң шешілмегенін білген Сасан би өзіне де, туысқандары Қабылан жағына да ренжіп: «Қабыланның тіліне нанба, алтын берсе, алма. Өмірде талай ер құнын кестім. Осы жолы қателестім. Дұрыс кеспедім, Қабылан жағына нандым. Өзіме ғана көрінетін, «екі көк бөрім» Шаянбай үйінің төсегінде қалды. Ендігі құт Шаянбайда болады. Мен қартайған екенмін» [7, 85 б.] деп налыпты. Содан бастап Шаянбайдың байлығы асып, дәулеті шалқиды. Аты жалпақ Найман еліне белгілі болады. Ел іші «құт қонған Шаянбай» деп атап кетеді.

Мифтік мазмұн арқылы этнос болмысын танытатын кейбір мағыналық бірліктер мифологема және архетиптермен байланысты. Бұл жердегі архетипте мынадай мәдени ақпарат жасырулы: істі әділетсіз шешуге болмайды, іс әділетсіз шешілсе, бізді желеп-жебеп жүрген періштелер ренжуі негізінде біздің кеңістік өрісіміз тарылады, әлсірейді әрі бұл жерде әділ шешімге қиянат әкелуші бидің жақындары, ал адам өз жақынына жамандық әкелсе, оны жебеуші құдірет иесі жазаға тартады. Жазаның түрі, биді сенімділігін нық ететін бағыт-бағдар беруші екі көк қасқырынан айыру, яғни бұл жерде, ісіне лайық әділ шешім шығармау дұрыс емес деген мәдени астар жатыр. Тағы бір басты белгі – «ел ішіндегі беделі зор» «би» сөзін ұлттық дәстүрдің, наным-сенімнің бірқатар контекстерімен шендестіруге мүмкіндік береді. Мысалы, би шешімінің әділдігі, адалдығына қарай: ісің адал болса, Өскенбайға бар, арам болса, Ералыға бар; Бәйкісіге билік берме; Білсең Кегенбаймын, білмесең деген баймын және т.б. Тұрақты тіркестер құрылымында, образдар іріктемесінде олардың мәдени ұлттық стереотип пен эталондар байланысы қадағаланады. Бұл ақпарат кейін коннотацияларда жанданып, ассоциативті образды негіздің мәдениетпен (эталон, символ, стереотип) байланысын көрсетеді. Мағыналық бірліктерде әлем жайлы жалпыадами түсінік бар, мысалы, бұл сөздер рухани мәдениеттің басты-басты ұғымдарын оның элементтері ретінде таңбалай отырып, сонымен бірге олардың мән-мағынасын да қамтиды. Кез келген ұлт тағдырында рухани өмір мен тіл үшін басты нәрсе – экономикалық қауымдастық ерекшелігі болып табылады. Оның ықпалы мен әсері айрықша. Экономикалық қауымдастықтың томаға-тұйықтығы сол белгілі бір аймақта тілдік ерекшеліктердің пайда болуына, тайпалар, рулар көлемінде сол тілдік ерекшеліктердің сақталуына жағдай тудырады. «Әрбір халықтың ой-өрісін, сезім-түйсік, дүниетанымы мен болмыс-тіршілігін танытатын оның тілі десек, сол тілдің – әр халықтың, әр ұлттың ата-бабадан кейінгі ұрпақтарына жалғасын тауып келе жатқан, онайлықпен өзгермейтіні белгілі [8, 15 б.].

